

Кеден Одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 18 ақпандығы № 13 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 58-бабының 1-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 Шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 45-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне қосымшага сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2022 жылғы 1 қантардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қатысты болады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қыргызстан Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б. Сұлтанов	А. Кожошев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 18 ақпандығы
№ 13 Шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден Одағы Комиссиясының шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесінде:

1) ЕАӘО СЭҚ ТН 0210 коды бар позиция екінші бағандағы "тамақ ұны" деген сөздің алдынан "майда және ірі тартылған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) ЕАӘО СЭҚ ТН 0303 коды бар позициядағы "еті" деген сөз "өзге де еті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) ЕАӘО СЭҚ ТН 0305 коды бар позицияның екінші бағанындағы "тамаққа пайдалануға жарамды ұсақ немесе ірі тартылған балық ұны және түйіршіктегі *" деген сөздер алынып тасталсын;

4) ЕАӘО СЭҚ ТН 0305 коды бар позицияның екінші бағанындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Шаянтектестер, сауыттағы немесе сауытсыз, тірі, жас, тоңазытылған, мұздатылған, кептірілген*, тұздалған* немесе тұздықтағы*; шаянтектестер ысталған*, сауыттағы

немесе сауытсыз, ысталғанға дейін немесе ысталу үдерісінде жылумен өңдеуге ұшырамаған немесе ұшыраған; сауыттағы шаянтектестер, буға* немесе ыстық суға* пісірілген, тоңазытылған немесе тоңазытылмаған, мұздатылған немесе мұздатылмаған, кептірілген* немесе кептірілмеген, тұздалған* немесе тұздалмаған, тұздықтағы* немесе тұздықтағы емес:";

5) ЕАЭО СЭҚ ТН 0307 коды бар позицияның екінші бағанындағы "шаянтектестерден алынған тамаққа пайдалану үшін жарамды майда және ірі тартылған ұн*" деген сөздер алынып тасталсын;

6) ЕАЭО СЭҚ ТН 0308 коды бар позицияның екінші бағанындағы "шаянтектестер мен моллюскаларды қоспағанда, су омыртқасыздарынан алынған тамаққа пайдалану үшін жарамды майда және ірі тартылған ұн және түйіршіктер*" деген сөздер алынып тасталсын;

7) ЕАЭО СЭҚ ТН 0308 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"	0309	балықтан, шаянтектестер мен моллюскалардан және өзге де су омыртқасыздарынан алынған тамаққа пайдалану үшін жарамды майда және ірі тартылған ұн және түйіршіктер *";
---	------	--

8) ЕАЭО СЭҚ ТН 0410 00 000 0 коды бар позицияда:

бірінші бағандағы ЕАЭО СЭҚ ТН "0410 00 000 0" деген код ЕАЭО СЭҚ ТН "0410" деген кодпен ауыстырылсын;

екінші бағандағы "тамақ" деген сөз "жәндіктер** және басқа да тамақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) ЕАЭО СЭҚ ТН 0505 коды бар позицияның екінші бағанындағы "және олардың" деген сөздер "немесе олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 0511, 9601, 9705 00 000 0 кодтары бар позицияның бірінші бағанындағы "9705 00 000 0" деген сөздер "9705" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) ЕАЭО СЭҚ ТН 1506 00 000 0 коды бар позицияның екінші бағанындағы "жануарлардың майлары" деген сөздер "жануарлардан алынған майлар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) ЕАЭО СЭҚ ТН 1516 10 коды бар позицияның екінші бағанындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"тоң майлар және жануарлардың майлары мен олардың фракциялары";

13) ЕАЭО СЭҚ ТН 1516 16 коды бар позицияның екінші бағанындағы "өсімдік" деген сөз "өсімдіктен алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) ЕАЭО СЭҚ ТН 1518 00 коды бар позицияның екінші бағанындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"15.16 тауар позициясындағы өнімдерден басқа, піскен, тотықтандырылған, сусыздандырылған, сульфирленген, әуедегі үрлеумен тотықтандырылған, вакуумда немесе дәртсіз газда қыздыру жолмен полимеризделген немесе басқа тәсілмен химия жағынан модификацияланған жануарлардың немесе өсімдіктердің тоң майлары мен майлары және олардың фракциялары; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген жеуге жарамайтын қоспалар және жануарлардың немесе өсімдіктердің тоң майлары мен майларынан, немесе фракциялардағы әр түрлі тоң майлардан және аталған топтың майларынан алынатын дайын өнімдер.";

15) ЕАЭО СЭҚ ТН 1601 00 коды бар позицияның екінші бағанындағы "немесе қаннан" деген сөздер "қаннан немесе жәндіктерден" деген сөздермен ауыстырылсын**";

16) ЕАЭО СЭҚ ТН 1602 00 коды бар позицияның екінші бағанындағы "немесе қаннан" деген сөздер "қаннан немесе жәндіктерден" деген сөздермен ауыстырылсын**";

17) 1901 90 910 0 коды бар позицияның бірінші бағанындағы "1901 90 910 0" деген сөздер "1901 90 920 0" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 1901 90 990 0 коды бар позицияның бірінші бағанындағы "1901 90 990 0" деген сөздер "1901 90 980 0" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 2106 90 920 0 коды бар позицияның бірінші бағанындағы "2106 90 920 0" деген сөздер "2106 90 930 0" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 2106 90 980 4 коды бар позицияның екінші бағанындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"тоң майлардан немесе жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған майлардан немесе 15 салм. % аспайтын сүттегі майлары бар фракцияларынан алынған, тамаққа пайдалануға жарамды қоспалар немесе дайын өнімдер*";

21) 2106 90 980 коды бар позицияның бірінші бағанындағы "2106 90 980 9" деген сөздер "2106 90 980 8" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) ЕАЭО СЭҚ ТН 2304 00 000 коды бар позицияның екінші бағанындағы "қалдықтар" деген сөздер "қалдық заттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 2306 коды бар позицияның екінші бағанындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Күнжара және 23.04 тауар позициясында көрсетілгендерден басқа, жануарларды жемдеу үшін пайдаланатын тартылмаған немесе тартылған, түйіршіктелген немесе түйіршіктелмеген, өсімдік немесе миркобиологиялық жолмен алынған тоң майлардан немесе майлардан алынған басқа да қатты қалдықтар";

24) ЕАЭО СЭҚ ТН 3502 коды бар позицияның екінші бағанындағы "(ақ уыздар)" деген сөздер алып тасталсын;

25) 3507 коды бар позицияның екінші бағанындағы "(энзимдер)" деген сөз алып тасталсын;

26) 3822 00 000 0 коды бар позицияда:

бірінші бағандағы "3822 00 000 0" деген сөздер "3822" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бағандағы мәтін мынадай редакцияда жазыслын:

" 3006 тауар позицияларындағы тауарлардан басқа, диагностикалық немесе төсөнішке орнатылған зертханалық реагенттер, дайын диагностикалық немесе төсөнішке орнатылған немесе орнатылмаған зертханалық реагенттер; сертификатталған эталондық материалдар (ветеринарияда қолдануға арналған);

27) 4206 00 000 0 коды бар позицияның екінші бағанындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі органдардан, (жібек иірім фиброндерінен алынған талшықтардан басқа) көкбауырлардан, құықтардан немесе сіңірлерден жасалған бұйымдар";

28) 9705 00 000 0 коды бар позицияның бірінші бағанындағы "9705 00 000 0" деген сөздер "9705 22 000 0, 9705 29 000 0" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) мынадай мазмұндағы "##" белгісі бар сілтемемен толықтырылсын:

"**Жәндіктерге (жәндіктердің бөліктеріне) қатысты ветеринариялық бақылау тиісті талаптар бекітілгеннени кейін жүргізіледі.".

2. "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарларға қатысты ветеринариялық шараларды қолданудағы алып қоюлар туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі №810 Шешіміне қосымшада:

1) кестенің бірінші бағанының атауындағы "СЭК ТН коды" деген сөздер "ЕАЭО СЭК ТН коды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) СЭК ТН 1516 20 коды бар позицияның екінші бағанындағы "өсімдік" деген сөз "өсімдіктен алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 2304 00 000 коды бар позицияның екінші бағанындағы "қалдықтар" деген сөздер "қалдық заттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2306 коды бар позицияның екінші бағанындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Күнжара және 23.04 тауар позициясында көрсетілгендерден басқа, жануарларды жемдеу үшін пайдаланатын тартылмаған немесе тартылған, түйіршіктелген немесе түйіршіктелмеген, өсімдік немесе миркобиологиялық жолмен алынған тоң майлардан немесе майлардан алынған басқа да қатты қалдықтар";

5) 3507 коды бар позицияның екінші бағанындағы "(энзимдер)" деген сөз алып тасталсын.